Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі
« Қазгидромет» РМК Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ

Қазан 2026 жыл

Орал, 2026 ж

МАЗМҰНЫ Бет.

Кіріспе 3

1 Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері 4

2 Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі 4

3 Жауын-шашын сапасының жай-күйі 6

4 Жер үсті суларының жай-күйі 7

5 Топырақтың ластануының жай-күйі 9

6 Радиациялық жағдай 9

Қосымша 1 10

Қосымша 2 11

Қосымша 3 13

Қосымша 4 14

Қосымша 5 14

Қосымша 6 16

Алғы сөз

Ақпараттық бюллетень ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желілеріндегі қоршаған ортаның жай-күйі мониторингін жүргізу жөніндегі «Қазгидромет» РМК мамандандырылған бөлімшелерінде орындалған жұмыс нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетень Батыс Қазақстан облысы (әрі қарай БҚО) аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы мемлекеттік органдарды, қоғамдастықтарды және тұрғындарды ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінің болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

1. Атмосфералық ауа ластануының негізгі көздері.

ҚР статистика жөніндегі комитеттің мәліметтері бойынша облыста стационарлы көздерден келетін ластаушы заттар көлемі 33,303 мың т құрады.

2. Батыс Қазақстан облысының атмосфералық ауа сапасының жай-күйі

Батыс Қазақстан облысының атмосфералық ауа сапасының мониторингі.

Батыс Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық ауа жай-күйін бақылау 6 автоматтық станцияларда және 1 жылжымалы экологиялық зертханада жүргізіледі (1 Қосымша).

Қалада жалпы 11 көрсеткішке дейін анықталады: *1) күкірт диоксиді; 2) көміртегі оксиді; 3) азот диоксиді; 4) азот оксиді; 5) озон; 6) күкіртті сутегі, 7)аммиак , 8) көмірсутектер; 9) формальдегид; 10) бензол, 11) қалқыма бөлшектері.*

Батыс Қазақстан облысының атмосфералық ауа сапасының мониторинг нәтижелері.

Бақылау желісінің деректері бойынша Орал қаласының атмосфералық ауасының ластану деңгейі **көтеріңкі** деп бағаланды, ЕЖҚ=2% (көтеріңкі деңгей) және СИ=1,86 (төмен деңгей) және).

Ақсай қаласындағы бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, СИ=1,00(төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды.

Бөрлі ауылындағы бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **төмен** деп бағаланды, СИ=0,95(төмен деңгей) және ЕЖҚ=0% (төмен деңгей) мәндерімен анықталды

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең жоғарғы бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	мг/м^3	ШЖШ$_{о.т.}$ асу еселігі	мг/м^3	ШЖШ$_{м.б.}$асу еселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ оның ішінде	>10 ШЖШ
Орал қ.								
Күкірт диоксиді	0,0061	0,12	0,38	0,77	0	0		
Көміртегі оксиді	0,38	0,13	4,82	0,96	0	0		
Азот диоксиді	0,031	0,79	0,20	1,00	0	0		
Азот оксиді	0,016	0,26	0,36	0,90	0	0		
Күкіртті сутегі	0,0017		0,01	1,04	0	4		
Озон	0,000	0,00	0,30	1,86	2	42		

Аммиак	0,043	1,08	0,198	0,99	2	0		
Ақсай қ.								
Күкірт диоксиді	0,0000	0,000	0,000	0,00	0			
Көміртегі оксиді	0,8595	0,29	4,99	1,00	0			
Азот диоксиді	0,0000	0,000	0,000	0,00	0			
Азот оксиді	0,0084	0,14	0,068	0,17	0			
Бөрлі а.								
Күкірт диоксиді	0,002	0,03	0,008	0,02	0			
Көміртегі оксиді	0,374	0,12	1,28	0,26	0			
Күкіртті сутегі	0,002		0,0076	0,95	0			

2026 жылғы қазан 2025 жылғы қазанмен салыстырғанда Батыс Қазақстан облысында атмосфералық ауаның ластану деңгейі:

- **өзгеріссіз** – Ақсай қаласы, Бөрлі ауылы.
- **өзгерістер** – Орал қаласы төменнен көтеріңкіге дейін жоғарлады (2-кесте).

2-кесте

Батыс Қазақстан облысының ауаның ластану деңгейінің динамикасы (2025–2026 жж.)

Елді мекен	Ластану деңгейі		Негізгі ластаушы заттар - $ШЖШ_{м.б.}$ асып кету жиілігі
	қазан 2025 ж.	қазан 2026 ж.	
Орал қ.	төмен СИ – 1,00 ЕЖҚ – 0%	көтеріңкі СИ – 1,86 ЕЖҚ – 2%	озон-1,86
Ақсай қ.	төмен СИ – 1,00 ЕЖҚ – 0%	төмен СИ – 1,00 ЕЖҚ – 0%	-
Бөрлі а.	төмен СИ – 0,8 ЕЖҚ – 0%	төмен СИ – 0,95 ЕЖҚ – 0%	-


Қорытынды:

Соңғы бес жылда Орал қаласында 2026 жылдың қазан айында ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Графиктен көрініп тұрғандай, соңғы бес жылда Орал қаласында ауаның ластану деңгейі 2023-2025 жылдары төмен, 2022 жылымен 2026жылы көтеріңкі деп бағаланды.

Соңғы бес жылда Ақсай қаласында 2026 жылдың қазан айында ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Графиктен көріп отырғанымыздай, соңғы бес жылда Ақсай қаласының ауасының ластану деңгейі 2025-2026 жылдары төмен, 2022 жылы көтеріңкі, 2023-2024 жылдары жоғары деп бағаланды.

3. Атмосфералық жауын-шашынның жай-күйі

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамын бақылау 4 метеостанцияда (Орал, Ақсай, Жалпақтал, Каменка) жаңбыр суының сынамаларын алудан тұрды.

Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар – 14,34%, гидрокарбонаттар – 37,23%, кальций иондары – 13,70%, хлоридтер – 12,98%, натрий иондары – 8,56%,

магний иондары -3,77%, калий иондары – 3,04%, аммоний иондары -0,87%, нитрат-5,51%.

3-кестеде жауын-шашын құрамындағы жекелеген ластаушы заттардың сипаттамасы келтірілген.

Кесте 3

Жауын-шашынның химиялық құрамы

Көрсеткіш	**Метеостанциядағы ең аз концентрация**	**Метеостанциядағы ең жоғары концентрация**
Жалпы минерализация	МС Каменка– 58,48мг/дм^3	МС Жалпақтал –75,06мг/дм^3
Электрөткізгіштік	МС Орал– 95,7мкСм/см	МС Жалпақтал -119,7мкСм/см
pH (сутегі көрсеткіші)	МС Каменка– 6,38	МС Ақсай- 6,96
Аниондар, мг/л		
Сульфаттар (SO_4)	МС Каменка – 7,28	МС Орал – 10,08
Хлоридтер (Cl)	МС Орал– 4,28	МС Жалпақтал–12,53
Нитраттар (NO_3)	МС Орал– 2,58	МС Ақсай– 4,34
Гидрокарбонаттар (HCO_3)	МС Ақсай– 19,52	МС Жалпақтал–26,35
Катиондар, мг/л		
Аммоний (NH_4)	МС Ақсай–0,11	МС Жалпақтал–1,15
Натрии (Na)	МС Орал– 3,25	МС Жалпақтал–7,45
Калий (K)	МС Орал – 1,35	МС Жалпақтал-3,08
Магний (Mg)	МС Ақсай–1,99	МС Орал–2,87
Кальций (Ca)	МС Каменка-7,13	МС Жалпақтал– 9,46
Микроэлементтер, мкг/л		
Қорғасын (Pb)	МС Орал-0,0	МС ЖалпаҚтал-0,28
Мыс (Cu)	МС Орал-1,55	МС Каменка-3,89
Күшән (As)	МС Орал-0,0	МС Жалпақтал-0,25
Кадмий (Cd)	МС Ақсай-0,02	МС Орал–0,11

4. Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторингі

Батыс Қазақстан облысы бойынша жер үсті суларының сапасына бақылау 9 су объектісінің (Жайық, Шаған, Деркөл, Елек, Шыңғырлау, Қараөзен, Сарыөзен, Көшім су арнасы және Шалқар көлі) 18 тұстамасында жүргізілді.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **43** физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *температура, қалқыма заттар, түсі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (pH), еріген оттегі, ОБТ5, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтар.*

Батыс Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторинг нәтижелері.

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың учаскелеріндегі су сапасын сыныптаудың бірыңғай жүйесі» *(ҚР СРИМ*

04.06.2025 жылғы № 111-НҚ бұйрығы) (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

4кесте

Су объектісінің атауы	**Су сапасының сыныбы**		**Ластаушылар**	**Өлш.бірл.**	**концентрация**
	қазан 2025 ж	**қазан 2026 ж.**			
Жайық өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	Магний	мг/дм^3	27,43
			ОБТ$_5$	мг/дм^3	2,416
			Жалпы темір	мг/дм^3	0,11
Шаған өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	ОБТ$_5$	мг/дм^3	2,433
			Жалпы темір	мг/дм^3	0,117
			Магний	мг/дм^3	27,2
Деркөл өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған*)	Фосфаттар	мг/дм^3	0,619
			Магний	мг/дм^3	27
			ОБТ$_5$	мг/дм^3	2,79
			Жалпы темір	мг/дм^3	0,12
Елек өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	*3 сынып (орташа ластанған)*	ОБТ$_5$	мг/дм^3	2,3
			Жалпы темір	мг/дм^3	0,12
			Магний	мг/дм^3	27,6
Шыңғырлау өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	ОБТ$_5$	мг/дм^3	2,54
			Жалпы темір	мг/дм^3	0,12
			Магний	мг/дм^3	24
Сарыөзен өзені	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	ОБТ$_5$	мг/дм^3	2,46
			Жалпы темір	мг/дм^3	0,13
			Магний	мг/дм^3	26,4
Қараөзен өзені	*4 сынып (ластанған)*	3 сынып *(орташа ластанған)*	ОБТ$_5$	мг/дм^3	2,54
			Жалпы темір	мг/дм^3	0,13
			Магний	мг/дм^3	32,4
Көшім су арнасы	3 сынып *(орташа ластанған)*	3 сынып *(орташа ластаған)*	ОБТ$_5$	мг/дм^3	2,3
			Магний	мг/дм^3	28,8

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2025 жылдың қазан айымен салыстырғанда Жайық, Деркөл, Елек, Шаған, Шыңғырлау, Сарыөзен және Көшім су арнасының жер үсті суының сапасы өзгерген жоқ. Қараөзен суының сапасы 4 сыныптан 3 сыныпқа ауысты – жақсарды.

Батыс Қазақстан облысының су объектілеріндегі негізгі ластаушылары жалпы темір, фосфаттар, магний, ОБТ$_5$ болып табылады.

Осы көрсеткіштер бойынша сапа нормативтерінің асып кетуі негізінен көптеген халық жағдайында қалалық сарқынды сулардың төгінділеріне тән.

Жоғары және төтенше ластану жағдайлары

2026 жылдың қазан айында Батыс Қазақстан облысының аумағында ЖЛ жағдайы анықталған жоқ.

Тұстамалар бөлінісінде су объектілерінің сапасы жөніндегі ақпарат 2-қосымшада көрсетілген.

Көл бетіндегі су сапасының нәтижелері туралы ақпарат Шалқар 3-қосымшада көрсетілген.

5. Топырақтың ластану жағдайы

Орал қаласының топырағының ластануына мониторинг жүргізу және топырақтағы ластаушы заттарды анықтау жұмыстары жылына үш рет 5 сынама алу нүктесінде жүргізіледі.

Топырақ құрамында ауыр металдардың мөлшері анықталады: кадмий, қорғасын, мыс, хром және мырыш (5-кесте).

Кесте 5

Ауыр металдардың концентрациясы

Бақылау пунктінің атауы	Ауыр металдардың концентрациясы , мг/кг.				
	Cd	Pb	Cu	Cr	Zn
Шаған өзенінен 0,8 км қашықтықтағы саябақ аймағы	0,24	0,18	0,28	0,10	1,35
"Зенит" зауытының шекарасында, Шаған өзенінен 0,4 км	0,14	0,26	0,25	0,09	2,38
"Зенит" зауытының шекарасында, Шаған өзенінен 0,5 км	0,12	0,17	0,26	0,1	2,35
№11 мектеп, Жайық өзенінен 4 км	0,21	0,17	0,32	0,08	2,25
Айтиев–Еуразия көшелері автожолы (Жайық өзенінен 2 км)	0,1	0,19	0,23	0,11	2,05

Іріктеліп алынған топырақ сынамаларында қорғасын мен хромның мөлшері рұқсат етілген норма шегінде болды.

6. Радиациялық жағдай

Гамма сәулелену деңгейін бақылау Орал қаласы мен Батыс Қазақстан облысының аумағында күн сайын 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпақ) және атмосфераның жер үсті қабатының радиоактивті ластануын бақылау 2 метеорологиялық станцияда (Орал, Тайпақ) горизонтальді планшеттермен бес тәуліктік ауа сынамаларын алу жолымен жүзеге асырылды.

Кесте 6


Көрсеткіштердің шекті мәндері

Көрсеткіш (ШЖШ)	Максималды концентрация	Минималды концентрация
Гамма-фон (0,1мкЗв/сағ)	0,16мкЗв/сағ	0,03мкЗв/сағ
Тығыздық (1,6Бк/м^2)	2,1Бк/м^2	1,4Бк/м^2

Облыс бойынша орташа радиациялық гамма-фон 0,1 мкЗв/сағ құрады және радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,6Бк/м2 құрады, бұл шекті рұқсат етілген шоғырдан аспады.

1 Қосымша

Орал қ. бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар				
Бекет нөмірі	**Сынама мерзімі**	**Бақылау жүргізу**	**Бекет мекен-жайы**	**Анықталатын қоспалар**
2	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режімде	Гагарин көш., 25	күкірт диоксиді, көміртегі оксиді, күкірт сутегі
3			Даумов көш. (С.М.Кирова ат. парк)	азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді.
5			Мұхит көш. (Мирлан базары)	азот диоксиді, күкірт диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді, күкірт сутегі, озон,аммиак
6			Жәңгірхан көш., 45В	көміртегі оксиді.
Ақсай қ. бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар				
4	әр 20 минут сайын	үзіліссіз режімде	Утвинская көшесі, 17	күкірт диоксиді, азот диоксиді, азот оксиді, көміртегі оксиді.
Бақылау бекеттерінің орналасуы және анықталған қоспалар Бөрлі елді мекені				
7	әр 20 минут сайын	үздіксіз режимде	*ст. Чапаев , 14/2*	озон.



Орал қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

2 сур. – Ақсай қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

3 сур. – Бурлин а. қаласының атмосфералық ауа ластануын бақылау стационарлық желісінің орналасу сызбасы

2 Қосымша

Батыс Қазақстан облысы жер үсті су сапасының тұстамалар бойынша ақпараты

Су объектісі және тұстама	**Физика-химиялық параметрлердің сипаттамасы**	
Жайық өзені	судың температурасы 14-дан бастап 15ºС , сутегі көрсеткіші 7,1-7,32, суда ерітілген оттегінің концентрациясы – 9,03-9,84 мг/дм^3, ОБТ$_5$ – 2,22-2,87 мг/дм^3, мөлдірлігі – 17 см, кермектілік – 5,9-6,2 мг/дм^3.	
тұстама Январцево ауылынан 0,5 км төмен	3 сынып	Жалпы темір - 0,12 мг/дм^3, ОБТ$_5$ – 2,65 мг/дм^3, магний – 28,4 мг/дм^3. ОБТ$_5$ және жалпы темір нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды. Магний нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.
тұстама Орал қаласынан 0,5 км жоғары	3 сынып	Жалпы темір - 0,11 мг/дм^3, ОБТ$_5$ – 2,22 мг/дм^3, магний – 27,6 мг/дм^3. ОБТ$_5$ және жалпы темір нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды. Магний нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.
тұстама Орал қаласынан 11,2 км төмен,гидробекеті	3 сынып	ОБТ$_5$ – 2,22 мг/дм^3, магний – 27,6 мг/дм^3.ОБТ$_5$, нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды. Магний нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.
тұстама Көшім ауылы	3 сынып	ОБТ$_5$ – 2,22 мг/дм^3, магний – 24 мг/дм^3. ОБТ$_5$ нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды. Магний нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.
тұстама Тайпақ ауылы	3 сынып	ОБТ$_5$ – 2,3 мг/дм^3, магний – 27,6 мг/дм^3, жалпы темір – 0,11 мг/дм^3. ОБТ$_5$ және жалпы темір нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды. Магний нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.
Шаған өзені	судың температурасы 14-15° С , сутек көрсеткіші 7,13-7,38 құрады, суда ерітілген оттегінің концентрациясы 9,76-9,92 мг/л, ОБТ$_5$ орташа 2,3-2,54 мг/дм^3 құрады, мөлдірлігі 17 см, кермектілік – 5,7-5,9 мг/дм^3.	
тұстама Чувашинский ауылы	3 сынып	ОБТ$_5$-2,3 мг/дм^3, магний–25,2 мг/дм^3. ОБТ$_5$ нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды. Магний нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.
тұстама Орал қаласынан 0,4 км жоғары, шұңқырдан 1 км жоғары	3 сынып	ОБТ$_5$-2,54 мг/дм^3, жалпы темір–0,13 мг/дм^3, магний–26,4 мг/дм^3. ОБТ$_5$ және жалпы темір нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды. Магний нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.

тұстама Шаған өзеніннің сағасынан 0,5 км жоғары	3 сынып	Жалпы темір–0,12 мг/дм^3, ОБТ$_5$-2,46 мг/дм^3, магний–30 мг/дм^3. ОБТ$_5$ және жалпы темір нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды. Магний нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.
Деркөл өзені	су температурасы 15-16°С, сутегі көрсеткіші 7,34-7,37 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 9,76 мг/дм^3, ОБТ$_5$ - 2,79 мг/дм^3 құрады, мөлдірлігі – 17 см, кермектілік – 5,9-6,0 мг/дм^3.	
тұстама Селекционный ауылы	3 сынып	Фосфаттар – 0,556 мг/дм3, магний – 24 мг/дм^3, жалпы темір - 0,12 мг/дм^3, ОБТ$_5$ – 2,79 мг/дм^3. Жалпы темір нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды. Магний және ОБТ$_5$ нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.
тұстама Ростоши ауылы	3 сынып	Фосфаттар – 0,682 мг/дм3, магний – 30 мг/дм^3, жалпы темір - 0,12 мг/дм^3, ОБТ$_5$ - 2,79 мг/дм^3, жалпы фосфор - 0,224 мг/дм^3. ОБТ$_5$ және жалпы темір нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды. Магний нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.
Елек өзені	су температурасы 16°С, сутегі көрсеткіші 7,05 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 9,76 мг/дм^3, ОБТ$_5$ - 2,3 мг/дм^3 құрады, мөлдірлігі -17 см, кермектілік – 6,2 мг/дм^3.	
тұстама Шілік ауылы	3 сынып	жалпы темір – 0,12 мг/дм^3, ОБТ$_5$-2,3 мг/дм^3, магний – 27,6 мг/дм^3. ОБТ$_5$ және жалпы темір нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды. Магний нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.
Шыңғырлау өзені	су температурасы 15°С, сутегі көрсеткіші 7,05 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 9,84 мг/дм^3, ОБТ$_5$ - 2,54 мг/дм^3 құрады, мөлдірлігі -17 см, кермектілік – 6,0 мг/дм^3.	
тұстама Григорьевка ауылы	3 сынып	ОБТ$_5$-2,54 мг/дм^3, магний – 24 мг/дм^3, жалпы темір–0,12 мг/дм^3. ОБТ$_5$, жалпы темір, магний нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды.
Сарыөзен өзені	су температурасы 16 °С, сутегі көрсеткіші 7,08 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 9,92 мг/дм^3, ОБТ$_5$ - 2,46 мг/дм^3 құрады, мөлдірлігі -18 см, кермектілік– 5,9 мг/дм^3.	
тұстама Бостандық ауылы	3 сынып	ОБТ$_5$ - 2,46 мг/дм^3, жалпы темір - 0,13 мг/дм^3, магний – 26,4 мг/дм^3. ОБТ$_5$ және жалпы темір нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды. Магний нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.
Қараөзен өзені	су температурасы 16°С, сутегі көрсеткіші 7,0 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,0 мг/дм^3, ОБТ$_5$ - 2,54 мг/дм^3 құрады, мөлдірлігі -18 см, кермектілік – 6,2 мг/дм^3.	
тұстама Жалпақтал ауылы	3 сынып	ОБТ$_5$ - 2,54 мг/дм^3, магний – 32,4 мг/дм^3, жалпы темір - 0,13 мг/дм^3. Магний, ОБТ$_5$ және жалпы темір нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды.
Көшім су арнасы	су температурасы 14°С, сутегі көрсеткіші 7,09 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы – 9,76 мг/дм^3, ОБТ$_5$ - 2,3 мг/дм^3 құрады, мөлдірлігі -17 см, кермектілік – 6,1 мг/дм^3.	

тұстама Көшім ауылынан ОШ дейін 0,5 км	3 сынып	ОБТ$_5$ - 2,3 мг/дм^3, магний – 28,8 мг/дм^3. ОБТ$_5$ нақты концентрациясы фондық сыныптан аспайды. Магний нақты концентрациясы фондық сыныптан асады.
Шалқар көлі	су температурасы 15°С, сутегі көрсеткіші 7,18 құрады, суда еріген оттегінің концентрациясы 10,08 мг/дм^3, ОБТ$_5$ -2,3 мг/дм^3, ОХТ – 7,77 мг/дм^3, қалқыма заттар – 29,0 мг/дм^3, минерализация – 4349,2 мг/дм^3 құрады, мөлдірлігі -17,0 см.	

3 Қосымша

Батыс Қазақстан облысының аумағындағы көлдердің жер үсті сулары сапасының нәтижелері

	Ингредиентердің атауы	**Өлшем бірлігі**	**Қазан, 2026 ж**
			Шалқар көлі
1	Көзбен шолу		
2	Температура	°С	15.0
3	Сутегі көрсеткіші		7.18
4	Еріген оттегі	мг/дм3	10.08
5	Мөлдірлігі	см	17.0
6	ОБТ5	мг/дм3	2.3
7	ОХТ	мг/дм3	7.77
8	Қалқыма заттар	мг/дм3	29.0
9	Гидрокарбонаттар	мг/дм3	634.4
10	Кермектік	мг/дм3	28.0
11	Минерализация	мг/дм3	4349.2
12	Құрғақ қалдық	мг/дм3	1300
13	Кальций	мг/дм3	200.0
14	Натрий	мг/дм3	29.2
15	Магний	мг/дм3	156.0
16	Сульфаттар	мг/дм3	99.0
17	Калий	мг/дм3	41.2
18	Хлоридтер	мг/дм3	3155.05
19	Фосфаттар	мг/дм3	0.317
20	Жалпы фосфор	мг/дм3	0.104
21	Нитритті азот	мг/дм3	0.02
22	Нитратты азот	мг/дм3	4.9
23	Жалпы темір	мг/дм3	0.13
24	Тұзды аммоний	мг/дм3	0.92
25	Қорғасын	мг/дм3	0.002
26	Мыс	мг/дм3	0.0005
27	Мырыш	мг/дм3	0.001
28	АББЗ /СББЗ	мг/дм3	0.0
29	Фенолдар	мг/дм3	0.00064
30	Мұнай өнімдері	мг/дм3	0.0005

4 Қосымша

Анықтамалық бөлім
Елді мекендер ауасындағы ластаушы заттардың шекті жол берілетін шоғырлануы (ШЖШ)

Қоспалар атауы	ШЖШ мәні, мг/м3		Қауіптілік классы
	Максималды бір-реттік	Орташа тәуліктік	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азот оксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/а/пирен	-	0,1 мкг/100 м^3	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма заттар (бөлшектер)	0,5	0,15	3
РМ 10 қалқыма бөлшектер	0,3	0,06	
РМ 2,5 қалқыма бөлшектер	0,16	0,035	
Хлорлы сутегі	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Мышьяк	-	0,0003	2
Озон	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Күкірт диоксиді	0,5	0,05	3
Күкірт қышқылы	0,3	0,1	2
Күкірт сутегі	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутегі	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық елді мекендердің атмосфералық ауасына қатысты гигиеналық нормативі» (2022 жылдың 2 тамыздан СанЕжәнеН №70)

5 Қосымша

Атмосфералық ластану индексінің дәрежесін бағалау

Градациялар	Атмосфералық ауаның ластануы	Көрсеткіштер	Бір айға бағалануы
I	Төменгі	СИ ЕЖҚ, %	0-1 0
II	Көтеріңкі	СИ ЕЖҚ, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕЖҚ, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕЖҚ, %	›10 ›50

Су пайдалану кластарын суды пайдаланудың санаттары (түрлері) бойынша саралау

Суды пайдалану класы	Тазалау мақсаты/түрі	Су пайдалану кластары					
		1 класс	2 класс	3 класс	4 класс	5 класс	6 класс
Су экожүйелерінің қызметі	-	+	+	-	-	-	-
Балық өсіру/ихтиофаунаны қорғау	Албырт балық	+	+	-	-	-	-
	Тұқы балық	+	+	+	-	-	-
Ауыз су-шаруашылық сумен жабдықтау және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарын сумен жабдықтау	Қарапайым өңдеу	+	+	-	-	-	-
	Дағдылы өңдеу	+	+	+	-	-	-
	Қарқынды өңдеу	+	+	+	-	-	-
Мәдени-тұрмыстық су пайдалану	Туризм, спорт, демалыс, шомылу	+	+	+	-	-	-
Суару	Дайындықсыз	+	+	+	+	-	-
	Тұндыру карталарын пайдалану кезінде	+	+	+	+	+	-
Өнеркәсіптік су пайдалану	Технологиялық процестер, салқындату процестері	+	+	+	+	+	-
Гидроэнергетика	-	+	+	+	+	+	+
Су көлігі	-	+	+	+	+	+	+
Тау-кен өндірісі	-	+	+	+	+	+	+

Ескертпе:

"+ " – судың сапасы мақсатын қамтамасыз етеді;

"- "- судың сапасы мақсатын қамтамасыз етпейді.

«Жерүсті су объектілеріндегі және (немесе) олардың бөліктеріндегі су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі (ҚР СРИМ 04.06. 2025 жылғы № 111-НҚ Бұйрық).

Радиациялық қауіпсіздік нормативі*

Нормаланатын көлемдер	Доза шектері
Тиімді доза	Тұрғындар
	Кез келген кезекті 5 жылда орташа мәні жылына 1 мЗв, бірақ жылына 5 мЗв аспайды

**«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің санитарлық-эпидемиологиялық талаптары»*

6 Қосымша

Топырақты ластаушы зиянды заттар шоғырларының шекті жол берілген мөлшері

Заттың атауы	Шекті рұқсат етілген шоғыр (бұдан әрі - ШРШ), топырақтағы мг/кг
Қорғасын (жалпы нысан)	32,0
Хром (жылжымалы нысан)	6,0
Күшәла (жалпы нысан)	2,0

Сынап (жалпы нысан)	2,1

* Тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне гигиеналық нормативтерді бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № ҚР ДСМ-32 Бұйрығы

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША «ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК
МЕКЕН ЖАЙЫ:

ОРАЛ ҚАЛАСЫ
ЖӘҢГІРХАН КӨШ. 61/1
ТЕЛ. 8-(7112)-50-20-21

E MAIL: LAB_ZKO@METEO.KZ